

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі

Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің 2016
жылғы 29 маусымдағы № 407
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2016 жылы 4
тамызда № 14067 тіркелді

Министерство образования и науки Республики
Казахстан

**Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан
Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-
аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек
білдірген адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы**

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы
Кодексінің 89-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

*Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.
16.06.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2026 № 117-НҚ (алғашқы ресми
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
бұйрықтарымен.*

1. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан
Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының
қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды
есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидаларын
бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015
жылғы 16 қаңтардағы № 15 бұйрығының (Қазақстан Республикасының
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 18



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

ақпанда № 10278 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 3 наурызда жарияланған);

2) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 465 бұйрығының 1-тармағының 4) тармақшасы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 21 тамызда № 11919 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған);

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (М.С. Әбдікәрім) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып жолдауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 29 маусымдағы
№ 407 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан
Республикасының аумағында тұрақты тұратын,
жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген
адамдарды есепке алу қағидалары**

*Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің
30.04.2020 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Білім және ғылым
министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 89-бабының 2-тармағына (бұдан әрі – Кодекс), «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) есепке алу тәртібін айқындайды.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.
16.06.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн*

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2026 № 117-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғым пайдаланылады:

Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі (бұдан әрі – Республикалық деректер банкі) – жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы, сондай-ақ жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді қамтитын деректер базасы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Азаматтарды есепке алуды олардың тұрғылықты жері бойынша республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүргізеді.

Құжаттарды қараудың және бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қоюдың мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 05.05.2026 № 117-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Азаматтарды есепке алу тәртібі

4. Азаматтардың есебіне:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды;

2) сот біреуін әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған ерлі-зайыптыларды;

3) сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдарды;

4) өзіне Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы, патронаттық тәрбиеші, қабылдайтын ата-ана, қабылдайтын кәсіби тәрбиеші міндеттерінен шеттетілген адамдарды;

5) егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойса, бұрынғы бала асырап алушыларды;

6) денсаулық жағдайына байланысты ата-ана құқықтарын жүзеге асыра алмайтын адамдарды. Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулар болған кезде, олардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді;

7) тұрақты тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

8) дәстүрлі емес жыныстық бағдар ұстанатын адамдарды;

9) сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдарды (өздеріне қатысты қылмыстық қудалау Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақтары негізінде тоқтатылған адамдарды қоспағанда);

10) азаматтығы жоқ адамдарды;

11) асырап алған кезде асырап алынған баланы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысы жоқ адамдарды;

12) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда динамикалық байқаудағы адамдарды;

13) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Кодекстің 91-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен психологиялық даярлықтан өтпеген Қазақстан Республикасының азаматтарын (баланың жақын туыстарын қоспағанда) қоспағанда, кәмелетке толған адамдар қойылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 05.05.2026 № 117-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Егер баланы (балаларды) асырап алуға тілек білдірген адамдар некеде тұрса (ерлі-зайыпты болса) не өзге адамдармен бірге тұрса, зайыбына (жұбайына), бірге тұратын өзге де адамдарға Кодекстің 91-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 8), 9) және 13) тармақшаларында белгіленген талаптар қолданылады.

Баланы (балаларды) асырап алуға тілек білдірген адамдармен бірге тұратын өзге адамдарға некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе баланы тәрбиеге алудың өзге де нысанынан туындайтын мүлiктік және жеке мүлiктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ іс жүзінде бірге тұрып жатқан, бірақ некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) бірге тұратын адамдар жатады.

Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 05.05.2026 № 117-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) көзделген құжаттарды қоса бере отырып, бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою туралы өтініш (еркін нысанда) береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

6. Көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

7. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады (өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс немесе мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

8. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды портал арқылы алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

9. Көрсетілетін қызметті алушының егер некеде тұрған болса, зайыбының (жұбайының), бірге тұратын өзге де адамдардың (бар болса) жеке басын куәландыратын, көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) зайыбының (жұбайының) тұрғын үйге меншік құқығын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, «АХАЖ тіркеу пункті» ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған кезде балалардың туу туралы куәлігін, неке қию туралы куәлікті, «Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан, «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан бойынша динамикалық бақылауда тұруы (немесе динамикалық бақылауда тұрмауы) туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызмет беруші қызмет көрсету кезінде заңмен қорғалатын құпияны қамтитын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға көрсетілген қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе

порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті одан әрі қараудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушының және зайыбының (жұбайының) (егер некеде тұрса), бірге тұратын өзге адамдар (бар болса) соттылығының болуы не болмауы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық жүйесінен алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 16.06.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2026 № 117-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушылардың осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес бала асырап алуға үміткер болуға сәйкестігін тексереді.

Тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде тұрғын үйге тексеру жүргізеді, көрсетілетін қызметті алушыдың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісін (бұдан әрі – акт) жасайды және акт жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтардың бала асырап алуға үміткер болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды дайындайды.

11. Көрсетілетін қызметті алушы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті беруші қорытындыға қол қойылған күннен

бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының порталына осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала асырап алуға үміткер(лер) болудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындыны алғаны туралы хабарлама жібереді және оларды бала асырап алуға кандидаттар ретінде есепке қояды.

Осы Қағидалардың Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған кезде, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі-ҚР ӘПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымның білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдайды.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында 2 (екі) жұмыс күні ішінде оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы оң қорытынды алғаннан кейін республикалық деректер банкіндегі жетім балалар, асырап алуға жататын ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпаратқа қол жеткізе алады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 05.05.2026 № 117-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

12.

Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы

ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жүйе істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті беруші анықталған сәттен бастап дереу көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкерін хабардар етеді.

Бұл жағдайда ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкер Қағидалардың осы тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы көрсетілетін қызметті берушілерді, оның ішінде Бірыңғай байланыс орталығын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Республикалық деректер банкінде жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді есепке алуды тоқтатуға:

- 1) тұлғаның баланы отбасында тәрбиелеуге қабылдауы;
- 2) Республикалық деректер банкінде ол туралы мәліметтерді есепке алуды тоқтату туралы өтініш;
- 3) тұлғаға баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдау мүмкіндері берілген жағдалардың өзгеруі;
- 4) баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген тұлғаның қайтыс болуы негіз болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып
табылатын, Қазақстан Республикасының
аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды,
ата- аналарының қамқорлығынсыз қалған
балаларды асырап алуға тілек білдірген
адамдарды есепке алу қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 16.06.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2026 № 117-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

«Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы жергілікті атқарушы органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар	

	болса) көрсету нәтижесі	Осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарына қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала асырап алуға үміткер(лер) болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) қорытындысының дайындығы туралы хабарлама не осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі және сақталады.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
8	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	Порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).
9	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы берген абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған кезде бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою туралы өтініш; 2) жақын туыстарының бала асырап алуға жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі; 3) жиынтық табыстың мөлшері туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (жұмыс орнынан еңбекақысы туралы, Кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түскен табыстары және некеде тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мен жұбайының (зайыбының) өзге де табыстары туралы анықтама); 4) көрсетілетін қызметті алушының және егер некеде тұрса жұбайының (зайыбының) «Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12127 болып тіркелген) бекітілген тізбесіне сәйкес ауруының жоктығын растайтын денсаулық жағдайы туралы анықтаманың, сондай-ақ «Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес «Наркология» психикалық денсаулық орталығы, «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығы бойынша динамикалық бақылауда тұруы (немесе динамикалық бақылауда тұрмауы) туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі; 5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) жұбайының (зайыбының) тұрғын үйін пайдалану құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (тұрғын үйге меншік құқығы болмаған жағдайда); 6) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың психологиялық дайындықтан өткені туралы сертификаттың (жақын туыстарын қоспағанда) электрондық көшірмесі.
10	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік	1) көрсетілетін қызметті алушының кәмелет жасқа толмауы; 2) көрсетілетін қызметті алушының соттың әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп тануы; 3) соттың ерлі-зайыптылардың біреуін әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп тануы;

	қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер	4) соттың көрсетілетін қызметті алушыны ата-ана құқықтарынан айыруы немесе ата-ана құқықтарынан шектеуі; 5) көрсетілетін қызметті алушыны Қазақстан Республикасының заңдарында жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы, патронаттық тәрбиеші, қабылдайтын ата-ана, қабылдайтын кәсіби тәрбиеші міндеттерінен шеттетуге; 6) бұрынғы асырап алушылардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жою туралы сот шешімі болуы; 7) көрсетілетін қызметті алушының ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтіретін ауруының болуы; 8) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы; 9) көрсетілетін қызметті алушының дәстүрлі емес жыныстық бағдарды ұстануы; 10) сотталғандығы бар немесе болуы, сондай-ақ қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған фактісінің болуы (өздеріне қатысты қылмыстық қудалау Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2)-тармақтары негізінде тоқтатылған адамдарды қоспағанда); 11) көрсетілетін қызметті алушының азаматтығының болмауы; 12) қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу кезінде көрсетілетін қызметті алушының қамқорлыққа алынушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысының болмауы; 13) көрсетілетін қызметті алушының психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда динамикалық бақылауда болуы; 14) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің 91-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен (баланың жақын туыстарын қоспағанда) психологиялық даярлықтан өту фактісінің болмауы; 15) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау; 16) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады; 17) қызмет алушының тұрғын алаңының белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, яғни бір адамға шаққанда он бес шаршы метрден кем болуы; 18) соттың көрсетілетін қызметті алушымен бірге тұратын өзге де адамдарды әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тануы; 19) соттың көрсетілетін қызметті алушымен бірге тұратын өзге де адамдарды ата-ана құқықтарынан немесе сот ата-ана құқықтарымен шектеген адамдардан айыруы; 20) көрсетілетін қызметті алушымен бірге тұратын өзге де адамдарды өзіне Қазақстан Республикасының Заңымен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы, патронат тәрбиеші, асырап алушы ата-ана, қабылдаушы кәсіби тәрбиеші міндеттерін орындаудан шеттетуге; 21) көрсетілетін қызметті алушымен бірге тұратын өзге де адамдарға қатысты бұрынғы асырап алушылардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жою туралы сот шешімінің болуы; 22) көрсетілетін қызметті алушымен бірге тұратын өзге де адамдарда ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтіретін аурулардың болуы; 23) көрсетілетін қызметті алушымен бірге тұратын өзге де адамдардың сотталғандығы бар немесе болуы, сондай-ақ қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған фактісінің болуы (өздеріне қатысты қылмыстық қудалау Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2)-тармақтары негізінде тоқтатылған адамдарды қоспағанда); 24) көрсетілетін қызметті алушымен бірге тұратын өзге де адамдардың психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда динамикалық бақылауда болуы.
11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

болса), оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады: 1414, 8 800 080 7777. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторландырылған субъектілер үшін қолжетімді. Субъект мобильді қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өтеді, бұдан әрі «Цифрлық құжаттар» бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.
---	--

Қазақстан Республикасының азаматтары болып
табылатын, Қазақстан Республикасының
аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды,
ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған
балаларды асырап алуға тілек білдірген
адамдарды есепке алу қағидаларына
2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.
16.06.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Нысан

**Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды
асырап алуға
тілек білдірген азаматтардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеріп-
қарау
АКТІСІ**

1. Азаматтардың жалпы мінездемесі

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

туған күні _____

азаматтығы _____

білімі _____

жұмыс орны _____, лауазымы _____

тұратын мекен-жайы _____

некеде _____ бастап _____

(тұрады, тұрмайды) (неке тіркелген күн)

бұдан бұрынғы некелері _____ бастап _____ дейін

(иә, жоқ)

тегі _____

аты _____

әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

туған күні _____

азаматтығы _____

білімі _____

жұмыс орны _____, лауазымы _____

тұратын мекен-жайы _____

некеде _____ бастап _____

(тұрады, тұрмайды) (неке тіркелген күн)

бұдан бұрынғы некелері _____ бастап _____ дейін

(иә, жоқ)

балалары _____

(бар, жоқ)

тегі _____

аты _____

әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

туған күні _____

құқықтық қатынастары (күйеуімен және әйелімен бөлек-бөлек)

бірге тұрады _____

(иә, жоқ)

2. Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларының сипаттамасы жалпы ауданы _____

(шаршы метр), тұрғылықты ауданы _____ (шаршы метр)

тұрғын бөлмелердің саны _____

тіркелгендер _____

(тұрақты, уақытша)

тұрады _____,

(тұрақты, уақытша)

оның ішінде _____ құқығымен

(меншік иесі, жалдаушы, қосымша жалдаушы)

үйдің, пәтердің тиесілілігі _____

(мемлекеттік, жеке)

тұрғын үйдің жайлылығы _____

(абаттандырылған, абаттандырылмаған, ішінара жайлы)

санитариялық-гигиеналық жай-күйі _____

(жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз)

тұрғын үй туралы қосымша мәліметтер _____

3. Отбасы мүшелерінің және бірге тұратын азаматтардың сипаттамасы
отбасының бірге тұратын басқа мүшелері:

тегі _____

аты _____

әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

туған күні _____

азаматтығы _____

жұмыс/оқу орны _____, лауазымы/мамандық _____, жылдық табысы _____

туыстық қатынастар бірге тұратын басқа азаматтар:

тегі _____

аты _____

әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

туған күні _____

азаматтығы _____

жұмыс/оқу орны _____, лауазымы/мамандық _____, жылдық табысы _____

құқықтық қатынастар _____

(жалдаушы, қосымша жалдаушы құқығы, басқа (көрсету)

4. Биографиялық деректер балалық шақта және жасөспірім кезіндегі отбасы
ахуалы _____

ата-анасымен қарым-қатынасы _____

аға-інілерімен, апа-сіңлі-қарындастарымен, басқа туыстарымен қарым-қатынасы

5. Отбасы ішіндегі өзара қарым-қатынастар отбасының бұрынғы ерлі-
зайыптылық өмірінің сипаттамасы _____ отбасының қазіргі уақыттағы
жағдайы _____

бала асырап алушылардың жеке қасиеттері _____

қызығушылығы, бос уақытын өткізуі _____

дүниетанымы _____

дінге _____

бала тәрбиелеуге көзқарасы _____

балалармен қарым-қатынас тәжірибесінің бар-жоғы _____

жақын туыстарының бала асырап алуға көзқарасы _____

6. Бала асырап алуға себеп

7. Қорытынды

(баланы отбасына қабылдау үшін қажетті жағдайлар бар ма)

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тексеріс жүргізген
тұлғаның лауазымы

20__ жылғы «__» _____ (қолы)

«Таныстырылды»:

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), азаматтардың
қолы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), азаматтардың
қолы

Қазақстан Республикасының азаматтары болып
табылатын, Қазақстан Республикасының
аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды,
ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған
балаларды асырап алуға тілек білдірген
адамдарды есепке алу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

(қорғаншылық немесе
қамқоршылық жөніндегі
функцияларды жүзеге асыратын
органның атауы)

**Бала асырап алуға үміткер (үміткерлер) болудың мүмкіндігі/мүмкін еместігі
туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

*Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.
16.06.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Тегі _____

аты _____

әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

туған күні _____

тегі _____

аты _____

әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

туған күні _____

мекен-жайы (тұратын мекен-жайы, индекс) _____

Отбасының сипаттамасы (құрамы, некенің ұзақтығы (қайта некеде болған кезде бұрынғы некеден балаларының бар-жоғы көрсетілсін), балалармен қарым-қатынас жасау тәжірибесі, отбасы мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынас, жақын туыстардың бар-жоғы және олардың бала асырап алуға көзқарасы, бала асырап алуға үміткерлердің мінез-құлық ерекшеліктері); ерлі-зайыптылардың біреуі бала асырап алған кезде екіншісінің бала асырап алуға келісімінің бар екені көрсетілсін).

Білімі және кәсіби қызметі

Денсаулық жағдайының сипаттамасы (денсаулығының жалпы жай-күйі, бала асырап алуға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығы)

Материалдық жағдайы (мүлкі, жалақысының мөлшері, табыстардың өзге түрлері)

Бала асырап алуға себеп

Азамат _____
(өтініш берушінің (берушілердің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
бала асырап алуға үміткер (үміткерлер) болуының мүмкіндігі/мүмкін еместігі
туралы қорытынды

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы

20__ жылғы «__» _____

Мөрдің орны _____ (қолы)

Қазақстан Республикасының азаматтары болып
табылатын, Қазақстан Республикасының
аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды,
ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған
балаларды асырап алуға тілек білдірген
адамдарды есепке алу қағидаларына
4-қосымша

Нысан

(республикалық маңызы бар
қалалардың және астананың
білім басқармасы, аудандардың
және облыстық маңызы бар
қалалардың білім бөлімдері)

**Бала асырап алуға үміткер(лер) болудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі)
туралы қорытындыны алу туралы хабарлама**

*Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің
21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 16.06.2023 №
171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру нөмірі)

(көрсетілетін қызметті алушының туған күні)

Бала асырап алуға үміткер болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды
алу үшін

_____ мекенжайы бойынша орналасқан
(республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасы,
аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің
мекенжайы)

(республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасына,
аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдеріне)
хабарласу қажет.

Жауапты тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңба расталған хабарламасы:

(жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы).